



ҚИНЭУ сайт



Instagram



Telegram



TikTok




YouTube



Facebook



Instagram  
колледж



# ҚИНЭУ news

*Nova proposita novam scientiam requirunt.*

№ 1 (1) 1 қараша 2023 жыл

МАҚТАНАМЫЗ!

ҮЗДІК-7

## БІЗДІҢ жеңістеріміз

Қазан айында ҚИНЭУ өкілдері бірнеше рет үздік атанды.

ҚИНЭУ кәсіпкерлік колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы **ЧЕРНЫШОВА Татьяна Александровна** техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтарының республикалық байқауында 3-орынды иеленді.



Мұғалім туралы толығырақ осы эпизодтан оқыңыз!

ҚИНЭУ кәсіпкерлік колледжінің студенті **Тимур АСИМОВ** әлем чемпионы атанды! Біздің Тимурдың нәтижелері:

- 1 орын АРБ
  - 2 орын Mind Sports
  - 3 орын MMA
- Сонымен қатар, Учкур бойынша РФ СШК және MMA.

Студент «Электрмен жабдықтау» мамандығының 3 курсына оқиды.

М.Дулатов атындағы ҚИНЭУ студенті **Ділхат ҚАЙБЖАНОВ** ҚР Тұңғыш Президентінің тест сынақтарының түрлері бойынша Қостанай облысының Чемпионатында бірден бірнеше жүлделі орынға ие болды.



Ділхат университеттің «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курсына оқиды.

ҚИНЭУ кәсіпкерлік колледжінің тағы бір студенті баскетболдан облыстық жарыстарда жеңіске жетті.

**Илья СОТНИКОВ** «Техник-механик» мамандығының 1 курсына оқиды.

Тағы да құттықтаймыз! Және сіздерді мақтан тұтамыз!

## Қазан айы жарқын өтті!

### МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛ КІЛЕМ

ҚИНЭУ педагогтары университет талбалдырығын мерекелік көңіл-күймен аттады!

Ұжым қызметкерлері университет ғимаратына кіріп, нағыз құрмет дәлізіне түсті. Тіпті сый ретінде студенттер әрқайсысына жылы лебіздерін жолдады. Мерекелік күн ең үздік ұстаздарымызды марапаттайтын концертпен аяқталды.



### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ

ҚИНЭУ профессоры Раиса ПРИТУЛА «Ұлттық және өңірлік деңгейлердегі агроазық-түлік жүйелерінің инновациялық дамуын басқару» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында баяндама жасады. Ұстаздарымызды мақтан тұтамыз!



### Ерекше ықыласпен ұйымдастырылған КОНЦЕРТ

Ол шын жүректен және мағынамен дайындалды. Республика күніне орай ҚИНЭУ университеті мен колледжінің концертіне келгендердің барлығына мерекелік көңіл-күй сыйланды.

Тарихи көрініспен «Көк ту» әнінің жанды орындалуы көрермендердің көз жасына ерік берді.



### Өзіңіз БІЛСЕҢІЗ-өзгеге АЙТЫҢЫЗ

Осындай ұранмен ҚИНЭУ-де студенттердің прокуратура өкілдерімен кездесуі өтті. Білім алушыларға біздің өңірде алаяқтықтың ең кең таралған бес әдісі туралы айтылды. Олар-алаяқтардың құрбандары аз болуы үшін бұл туралы достарыңыз бен отбасыңызға айтуыңыздың маңызды екендігін түсіндірді.



### ТҮЛЕКТЕР ұмытпайды

ҚИНЭУ мансап орталығы мен «Стандарттау және тамақ технологиялары» кафедрасы студенттерге қонақ дәрісін ұйымдастырды.

Дәріскер рөліне «Аят Агро» ЖШС директоры, М. Дулатов атындағы ҚИНЭУ түлектері қауымдастығының мүшесі Иван ПОЛТОРАЦКИЙ шақырылды.

Тәжірибелі ірі жер иесі, жаңа технологияларды жасаушы. ҚИНЭУ түлектері міне осындай!



КЕРІ БАЙЛАНЫС

## Студенттік РЕДАКЦИЯ: қабылдау жарияланды

ҚИНЭУ news» редакциясына бей-жай қарамайтын және қызық құмар студенттер қатарынан еріктілер қабылданады!

Репортаж жазуды үйренгіңіз келеді ме? Экран жұлдыздарынан кем түспейтіндей сұхбат алғыңыз келеді ме?

Фототілші ретінде өзіңізді сынап көргіңіз келеді ме? Немесе бейнеоператор?

Айналаңызда қызықты адамдарды байқайсыз ба? Онда сіз бізге міндетті түрде келесіз!

ҚИНЭУ студенттік редакциясында сіз тәжірибелі журналистерден мастер-класстар аласыз, редакциялық тапсырмаларды орындайсыз және сіздің атыңызбен қол қойылған ма-



териалдармен жаңалықтар шығарылымын мақтаншыпен қолыңызға алатын боласыз (ата-ананың міндетті түрде қуанары анық).

Сіздің қолыңыздағы материалдар сайтта, ҚИНЭУ әлеуметтік желілерінде және, мүмкін, өңірдің үздік БАҚ-тарында жарияланады.

Сондай-ақ жоспарлар: газеттер, телеарналар мен радиостанциялар редакциясына экскурсиялар, бірлескен шай кештері және талқылаулар.

Біздің редакцияға қосылу үшін WhatsApp-қа 8-705-450-30-55 жазыңыз

Немесе 102а кабинетіне келіңіз (есікте шам бейнеленген)

Мәтін жазу тәжірибесі маңызды емес. Ең бастысы-сіздің ниетіңіз!

### БАЛМҰЗДАҚТАР!

«ҚИНЭУ – 2023 студенттер қатарына қабылдау» кеші Aidana Plaza мейрамханасында өтті. Конкурстар, сыйлықтар, би кеші және достық атмосфера. Қош келдіңдер, балмұздақтар!



### ТАРИХИ КӨЗҚАРАС

Республика күніне орай ҚИНЭУ-да бір апта бойы іс-шаралар ұйымдастырылды. Ең қызықтыларының бірі-дәріс-викторина.

Студенттер командаларға бөлініп, мемлекетіміздің, облысымыздың тарихына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Әсіресе студенттерге үзінді бойынша тарихи фильмді атау тапсырмасы ерекше ұнады.



Алда қараша айы. Алға баса бер, ҚИНЭУ!

# «Спортзалдың қайда екендігін бала бірінші сыныптан бастап білуі керек»

Студенттер нұсқасы бойынша, үздік оқытушы. Мұғалім үшін бұдан артық атақ бар ма? Жаңа оқу жылында Татьяна ЧЕРНЫШОВА дене шынықтыру мұғалімдері арасындағы республикалық байқауда қола жүлдеге ие болды. ҚИНЭУ спорт кешенінің директоры. Университет пен кәсіпкерлік колледжінің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы. Біздің Татьяна Александровна ән де айтады, тағам дайындайды, жылап, тіпті философия тақырыбын да қозғайды, қысқасы бүгін ол өзі туралы бәрін айтатын болады.

## Балалық шақ туралы

- Алғашқы жарқын сурет-қыс, КСК ауданы, ол жерде үлкен стадион болды, қазір онда зәулім үйлер тұр. Сол кезде ол жерлерде ағаш сырғанақтар қойып, мұз айдынын құятын. Біз конькилерді етікке байлап, қып-қызыл мұрынмен сырғанап жүретінбіз. Кез-келген таяқты алып, өзімізді хоккейші сезінетінбіз. Көңілді әрі қызықты балалық шақ.

## Спорт туралы

- Мектептегі, дене шынықтыру сабақтарының біріне жаттықтырушы келді. Ең ұзын, ірі қыздарға баскетбол секциясында жазылуды ұсынды. Осыдан бәрі басталды. Біздің жаттықтырушының кәсібилігінің арқасында керемет команда жиналды. Біз Қазақстан чемпиондары атандық! Кейін жаттығулар КСК-дағы Жастар үйінде өткізілді. Содан кейін пионерлер сарайы болды. Және әрине № 1 мектептегі спорт сыныбы мен университетке спортфак мамандығына түсу.

## Жүйе туралы

- Міне, мен балалық шағым туралы айттым. Қазір балалардың мобильділігі мен белсенділігі төмен. Цифрландыру... қоғам дамып келеді, бірақ көбірек қозғалуға және белсенді өмір сүруге мүмкіндік бермейді. Біздің университетке дене шынықтыру сабағына тұйық, ұялшақ, сақ балалар келеді. Ал қозғалу үшін ашылу маңызды. Біздің мақсатымыз-студенттердің әлеуетін дамыту.

Және бұл жүйелік мәселе. Қараңызшы, мектептің бастауыш бөлімінде, балалар қатты ұяңдықтың не екенін білмей, қозғалысқа бейім болған кезде, дене шынықтыру сабағы жоқ.

Бұл сабақтарды бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. Оның үстіне, көбінесе тікелей сыныптарда.

Орта буын. Балалар ақыры спортзалға кіреді, алайда орындықтарда отырады. Дене шынықтыруда бағалар алынып тасталды, олар жай ғана сынақ бағасын береді. Осыдан кейін ынталандыру жоғалады. Біз осы спорт түріндегі балалардың бір бөлігін жоғалтып жатырмыз. Бірінші сыныптан бастап баланың спорттық әдеттері болуы керек, спортзалдың қайда екендігін білуі маңызды.

Балалардың қасиеттерін қалай ашамыз? Оларға көп көңіл бөлеміз. Кейін балалар сене бастайды, залға барып, тіпті нәтиже көрсететіндей жағдайға жетеді. Бұл менің мамандығымдағы үлкен бақыт.

## Отбасы туралы

- Күйеуімізбен университетте таныстық. Мен баскетболшымын, ол футболшы. Төрт

жылдан кейін біз отбасын құра аламыз деп шештік. Екеуіміз әртүрлі болғанымызбен, алайда біртұтаспыз. Маған бірде менің найзағай, ал күйеуімнің найзағай аулайтын құрылғы екендігін айтты. Біреуі екіншісіз бола алмайды.

Үшінші курста мені Қазақстан құрамасына (Алматы қ.) алып кетті. Ия, мен өзімді үлкен спортта сынап көре алдым. Бірақ отбасымды таңдадым. Оған еш өкінбеймін. Біздің екі керемет қызымыз бар. Гандболдан спорт шебері Екатерина мемлекеттік құрылымда жұмыс істейді. Баскетболдан спорт шеберіне үміткер Инна олимпиадалық резерв мектебінде оқиды, ТЖ жүйесінде жұмыс істеуді жоспарлап отыр.

Үйде қатаң ережелер болған жоқ, бірақ қыздар кімнің не істеп жатқанын өздері білді, үйді таза ұстады. Сенбі біз үшін үйді бірге жинайтын күн, ал кешке отбасылық кешкі ас, алдағы аптаның жоспарларын талқылау. Он жасында Катя бізге кешкі асты өзі дайындай алды. Алғашқы тапқан ақшасына маған күміс білезік сыйлады. Ол әлі де қазір менде.

Отбасылық дәстүрлер-бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Інім және үлкен әпкем үшеуімізді анам өз үлгісімен тәрбиелейді. Бізді тәртіп пен ұқыптылыққа үйретті. Белмеде ғана емес, ойымызда да тазалықтың болғанын талап етті.

Отбасы кез – келген қиын



фак өкілдеріне дес бермейді. Осындай сәттерде біз өз оқушыларымызды, олардың нәтижелерін мақтан тұтамыз.

Әр ЖОО ҚИНЭУ сияқты спортқа көңіл бөлмейді. Мұнда дене шынықтыру жай мамандық емес. Біздің құрылтайшылар әрдайым спорттық бастамаларды қолдайды, балаларымызды жарысқа жіберу қажет болғанда қаржылай көмектеседі. Нәтижесінде студенттер де, мұғалімдер де жеңіске жетеді.

Мен КИНЭУ-ды жақсы көремін. Таңертең қуана жұмысқа барамын. Бізде тіпті кіре берісте әр қызметкер мен студентті танитын автомат бар, ол бізге таңертең «Рақмет!» деп айтады.

Жұмыс күні басталар алдында залда жарты сағат жүгіремін. Құлақпапта музыка бар. Қандай дейсіз бе? Казак әндері.

## Хобби туралы

- Мен «Казачья воля» ансамблінде ән айтамын. Ансамбль туралы алғаш рет қалалық іс-шарада естідім. Бойымдағы казак қаны жібермей, сол жаққа бұрып тұрды. Сондықтан мені осы ұжымға шақырған кезде мен бірден келістім.

Мен үшін бұл жаңалық болды. Мен тек спорттық, мықты ғана емес, сонымен қатар әлсіз әрі нәзік бола алдым. Алдымен студенттер менің ән айтқанымға таң қалды. Мен казак мінезділігімен қапталдай алатынымды көргенде, олар таң қалды. Ал қазір олар менің концерттеріме келеді. Қолдау көрсетеді. Мен оларды телефондардан тек сабақтарда ғана емес, шығар-

## БЛИЦ

- Шай немесе кофе?
- Су. Және ДТ-таңғы ас: асқабақпен үгітілген алма, жұмыртқа, барлығы микротолқынды пеште 10-15 минутқа. Дәмді және пайдалы.
- Көлікте қандай музыканы тыңдайсыз?
- Ешқандай. Көлік жүргізу кезінде мен көлікті тыңдағанды жөн көремін.
- Соңғы рет қашан жыладыңыз?
- Міне, жаңа ғана, өз анам мен қыздарым туралы айтқан кезде
- Сіз қандай зейнеткер боласыз?
- Жүгірмесе де, таяқпен нық жүретін. Қуана-қуана немерелерімді бағамын. Мен сондай-ақ алғашқы босануға баратын жүкті әйелдерге арналған курстарды ашқым келеді. Оларға нәрестеге қалай күтім жасау және денсаулығын сақтау туралы білім жетіспейді.
- Студенттер сізден қорқады ма немесе құрметтей ме?
- Менің бұйырып сөйлеген даусымнан қорқатындарын естідім. Бұл жағынан жұмыс жүргізіп жатырмын. Менің ойымша, біз өмір сүріп жатқанша, әрдайым өзімізбен жұмыс істейміз керек. Айтпақшы, қазір мен би игеруді мақсат етіп отырмын. Тағы да студенттерді таң қалдырамын. Шамасы, олардың энергиясы маған күш береді. Мен өз кереметтей студенттерімді жақсы көремін!

жағдайда бірге болуы керектігі анамнан дарыған ой. Күйеуім екеуіміз осындай түсіністікпен өмір сүріп жатырмыз. Мектепте мұғалімдерге 8 мың теңге жалақы төленетін уақыт болды, сол кезде біз бір-бірімізді қолдадық. Біздің біреуіміз жарысқа қатысқан кезде, екіншісіміз барымызды жасайтынбыз. Тіпті отбасын асырау үшін бір кездері саудаға да бет бұрдық. Бірақ кейін мамандық бойынша жұмысымызды ары қарай жалғастырамыз деп шештік. Университетте

мұғалім қажет екенін білгенде, бірден келуді шештім.

## ҚИНЭУ туралы

- Кейінірек колледжге күйеуім де келді. Бүгінгі күні біз өз жұмысымыздан ләззат аламыз. Айтпақшы, ҚИНЭУ-да спортфак жоқ. Біз инженерлер, бағдарламашылар, теміржолшылар мамандығындағы студенттермен жұмыс істейміз... Бірақ бұл балалар жарыстарда қалалық және облыстық жарыстарда жүлделі орындарға ие бола отырып, спорт-

машылықпен де ажырата алатыныма өте қуаныштымын.

## Арман туралы

- Бүгін мен бір нәрсені армандаймын - әлемде агрессия аз болса екен. Ғаламшардағы бірде-бір бала ересектердің келіспеушілігінен зардап шекпесе екен. Әр отбасына жақсылық, бейбітшілік пен жылулық тілеймін. Біз, дене шынықтыру мұғалімдері, балаларды мықты болуға үйретеміз. Мен олардың әлі де мейірімді болғанын қалаймын.



Шығарылым редакторы  
Ирина ВИШНИЧЕНКО  
Константин Вишниченконың суреті  
Айшолпан БАЯНБАЕВАНЫҢ видеосы  
Дизайн және жинақ Эдуард ВОЛКОВ

Редакция мекенжайы:  
Чернышев көш. 59, 102А каб.  
Тираж: 20 дана  
Тегін таратылады

«КинЭУ news»  
шығарылымның  
түрлі-түсті  
нұсқасын мына  
жерден жүктеуге  
болады.

